

**«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Фитосанитариялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)» тақырыбындағы Рашева Гульнур Койшыновнаның диссертациясына ғылыми жетекшінің**

## **ПІКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі:** Карантиндік, аса қауіпті және зиянды организмдерден келетін тұрақты қауіптер ауыл шаруашылығының одан әрі дамуына, биоәртүрліліктің сақталуына, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы дүниежүзілік сауданың одан әрі ұлғауына, карантиндік өнімнің жеткізілу географиясының кеңеюіне алып келді. Өсімдіктерді карантинді объектілерден, қауіпті ағзалардан және ҚР аумағын басқа мемлекеттердің карантинді объектілерінің кіргізілуінен немесе өзіндік енуінен қорғаудың құқықтық қамтамасыз ету мәселесі көптеген ұйымдастыруышылық және құқықтық мәселелердің шешілуін талап етеді және оте маңызды болып табылады. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ҚР Ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі, азық түлік қауіпсіздігінің соның ішінде экологиялық таза тағам өнімдерін өндіруде аса маңызды болып тұр. Аталған ой түйінділері зерттеу тақырыбының өзекті екендігіне күмән тудырмайды.

**Диссертацияның ғылыми жаңалығы** отандық заң ғылымында нарықтың тұрақты дамуы жағдайында, әлемдік жаһандану үрдістерінің белең ауы, климаттың өзгеруі, сонымен қатар, ЕАЭО мен ДСҰ-ға кіру жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі құқықтық мәселелерге арналған кешенді зерттеулердің әлі де жоқ екендігін белгілеуге болады. Бұл диссертациялық зерттеуде фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері кешенді түрде зерттелген, Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың жай күйіне терең құқықтық талдау жасалынып, қарастырылып отырған саладағы халықаралық тәжірибедегі жинақталған мемлекеттік реттеу дағдылары мен білімін интеграциялау қажеттілігі ғылыми негізделген, фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы құқықтық қатынастарды реттейтін мамандандырылған заңнаманы қабылдау және аталған саладағы аграрлық және басқа да заңнамалық нормаларын жетілдіру бойынша авторлық ұсыныстарды жасауды қамтиды.

Диссертациялық зерттеу барысында автор келесі нәтижелерге қол жеткізген: фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық мәселелері зерттелген, фитосанитарлық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы берілген, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары зерттеліп, құқық жүйесінде алатын орны анықталған, осы саладағы мемлекеттік-құқықтық тетікті жетілдіру және халықаралық фитосанитарлық ынтымақтасты дамыту мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру туралы тәжірбиелік ұсыныстар берілген.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы** зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер аграрлық, экологиялық құқықтықтың теориясын тереңдетіп, дамытады.

Зерттеуден алған қорытындылар заманауи аграрлық-құқықтықтың теориясын тереңдеп, дамытады және кейінгі ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алады, сонымен қатар қалыптасқан ұсынымдар, қорытындылар мен ұсыныстар қолданылуы мүмкін:

- агроөнеркәсіптік кешенің тұрақты дамуы мен Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық өнімінің қаруандырылғандағы әрекет етуші заңнаманы жетілдіру мақсатында заңшығарушылық қызметте;
- Қазақстан Республикасы өсімдіктерінің карантині бойынша басқарушылық шешімдерінде орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық министрлігі, мемлекеттік инспекторлардың тәжірибесінде;
- ауыл шаруашылық ұйымдарының қызметі мен ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің тәжірибесінде;
- жоғары оку орындары мен колледждердің Білім беру процесінде құқықтық циклдағы пәндерді дайындау мен оқытуда.

**Ғылыми нәтижелерді аprobациялау.** Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары ғылыми басылымдарда, оның ішінде импакт-факторы нөлге тең емес рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылыми министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған мақалаларда көрініс тапты.

**Қорытынды ережелер.** Рашева Гульнур Койшыновнаның «Фитосанитариялық қаруандырылғандағы ғылыми басылымдарда, оның ішінде импакт-факторы нөлге тең емес рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылыми министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған мақалаларда көрініс тапты.

**Ғылыми жетекшісі  
заң ғылымдарының  
кандидаты,  
профессор м.а.**

**Айгаринова Г.Т.**

Айгаринова Гүлнур Рашеваның ғылыми жетекшісі заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
ЗАВЕРЯЮ  
Назарханниң үткес шартты подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергеновна

